

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
09.06.2021 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 09.06.2021 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Омарбекова Жанат Әнуарбекқызына беріледі.

ОМАРБЕКОВА Ж.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ағымдағы жылғы 26 мамырда Мәжілістің жалпы отырысында бірінші оқылымда мақұлданды.

Мүгедек жандардың мұқтаждарын айқындаудың жеке тәсілін қамтамасыз ету үшін заңнамалық негіз қалыптастыру мақсатында депутаттар бірқатар нормалар енгізді.

Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңға мүгедектің қажеттілігін бағалау негізінде мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасын жасауды көздейтін түзету енгізілді. Бұл бағалау нақты оңалту шараларын, қажетті техникалық құралдардың, медициналық, әлеуметтік және өзге де қызмет түрлерінің тізбесін қамтиды.

Осы оңалту құралдарымен және көрсетілетін қызметтермен сапалы қамтамасыз ету үшін техникалық оңалту құралдары мен көрсетілетін қызметтердің классификаторын әзірлеу көзделеді. Онда техникалық оңалту құралдарының атауы да, сипаттамалары да қамтылады.

Сонымен қатар:

ымдау тілі маманының қызметтерін;

жеке көмекшінің қызметтерін;

санаториялық-курорттық емдеуді;

протездік-ортопедиялық көмекті, техникалық оңалту құралдарын ұсыну тәртібін және оларды ауыстыру мерзімдерін айқындау бөлігінде жаңа кұзыреттер белгіленді.

Сондай-ақ Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының жұмысын жетілдіруге бағытталған нормалар қарастырылған.

Мүгедектердің тиісті техникалық оңалту құралдары мен көрсетілетін қызметтерді баламалы негізде алу мүмкіндігін жан-жақты қамтамасыз ету мақсатында:

мүгедектің порталды пайдаланудан бас тарту туралы тиісті өтініші болған;

мүгедек тұратын елді мекенде интернет болмаған;

өнім берушінің порталында мүгедекке қажетті техникалық оңалту құралдары немесе көрсетілетін қызметтер болмаған жағдайларда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру көзделген.

Заң жобасында 16 заңнамалық актіге, соның ішінде 2 және 14 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген.

Заң жобасының таныстырылымы, дөңгелек үстел, бас комитеттің екі кеңейтілген отырысы, жұмыс тобының он алты отырысы өткізілді. Заң жобасын талқылауға мүдделі мемлекеттік органдар мен мүгедектердің құқықтарын қорғау саласындағы қоғамдық ұйымдар өкілдері белсенді түрде қатысты.

Салыстырма кесте 138 қабылданған позициядан тұрады.

Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Осы айтылғандардың негізінде заң жобасын екінші оқылымда мақұлдап, Парламент Сенатының қарауына жіберуді сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Жанат Әнуарбекқызы.

Құрметті әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасы бойынша бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын екінші оқылымда мақұлдап, Сенаттың қарауына жіберу туралы. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы бар сіздерде, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



Дұрыс: Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі Майя Н. Майдығар.